

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орнын иемденуге конкурс өткізу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 15 ақпан N 75 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 17 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1088. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2005 жылғы 18 мамырдағы N 243 бұйрығымен

ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2005 жылғы 18 мамырдағы N 243 бұйрығынан үзінді:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77 "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" өкімін іске асыру және нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестікке келтіру мақсатында бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 15 ақпан N 75 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орнын иемденуге конкурс өткізу Ережесін бекіту туралы" ...

М и н и с т р д і ң м . а .

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары басшыларының лауазымдық бос орындарын білікті кадрлармен толықтыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орынын иемденуге конкурс өткізу Қағидасы бекітілсін.

2. Агенттіктің бөлім басшылары Ереженің 1-тармағында көрсетілгендерге сәйкес ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларының лауазымдық бос орындарын толықтыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Төрайым

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау ісі
жөніндегі агенттігінің
2000 жылғы "___" қаңтардағы N_____

бұйрығымен БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің
ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орынын
иеленуге конкурс өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

Осы Қағида Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің (әрі қарай - Агенттік) ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орынын иеленуге жарияланатын конкурстың шарттары мен тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Агенттіктің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орынын иеленуге конкурс (әрі қарай - конкурс) тиісті білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтарына денсаулық сақтаудың республикалық мекемелерінің басшылық лауазымына тең мүмкіндік құқын қамтамасыз етеді.

2. Конкурсты оның жариялануы жайында бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланғаннан кейін Агенттік жүргізеді.

3. Агенттік тиісті лауазым орынын алуға үміткерлерді іріктеуді жүргізуге өкілеттілігі бар конкурстық комиссияны құрады.

4. Конкурстық комиссияның отырысы егер оның жұмысына комиссия мүшелерінің аз дегенде 2/3-сі қатысып отырған жағдайда құқылы болып е с е п т е л е д і .

5. Конкурсты жариялау кезінде қолданылып жүрген еңбек туралы заңдар мен осы Қағиданың талаптары сақталуы тиіс.

2. Конкурс жариялаудың шарттары мен тәртібі

6. Конкурсқа - хабарланған конкурс шарттарына сай келетін тұлғалар қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

7. Конкурсқа қатысуға мынадай азаматтар жіберілмейді:

- 1) осы Ереженің 6-тармағында белгіленген талаптарға сай келмейтіндер;
- 2) заң күшіне енген сот шешімімен белгілі бір мерзім аралығында басшылық лауазымдарды алуға құқығынан айырылғандар;
- 3) заңдармен белгіленген басқа жағдайларда.

8. Конкурс ашық немесе жабық әдіспен өткізіледі.

9. Ашық конкурсқа конкурс шарттарына сай келетін Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының қатысуға құқығы бар.

10. Жабық конкурсқа тек қана тиісті ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың

қызметкерлерінің қатысуға құқығы бар.

11. Ашық немесе жабық конкурс жариялау туралы шешімді Агенттіктің басшылығы қабылдайды.

12. Конкурстың қатысушылары конкурс туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін қажетті құжаттарын тапсырған азаматтар болып табылады.

13. Агенттіктің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орынын алуға үміткерлер (әрі қарай үміткерлер) болып конкурстық комиссияның шешімімен тестілеуге жіберілгендер саналады.

14. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылар тапсырған құжаттарды қарайтын, үміткерлердің тестілеу нәтижелерін жүргізетін және қарайтын үміткерлермен әңгіме өткізетін және арнайы отырыста Агенттіктің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымының бос орнын алуға үміткерлерді түпкілікті іріктеуді жүргізетін алқалы орган болып табылады. Қажет болғанда комиссия отырысы конкурстың әр кезеңі бойынша жеке өткізіледі.

15. Конкурс бірқатар жүйелі кезеңдерді қамтиды:

- 1) конкурс өтетіндігі туралы хабарландырудың жариялануы;
- 2) конкурстық комиссияның құрылуы;
- 3) конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтардың құжаттарын қабылдау;
- 4) конкурсқа қатысушылардың құжаттарының Агенттіктің ведомстволық бағыныстағы ұйымы басшысы лауазымына қойылатын талаптарға сәйкестігін алдын ала қарау;
- 5) үміткерлерді тестілеу;
- 6) конкурстық комиссия жүргізетін үміткерлермен әңгімелесу;
- 7) конкурстық комиссия жүргізетін лауазымның бос орнына үміткерлерді іріктеу;
- 8) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы (тағайындау үшін ақтық кепілдемені толтырумен).

16. Конкурсқа қатысуға кеткен шығындарды (конкурс өтетін жерге бару, тестілеу, әңгімелесу, және кері қайту, тұрғын үй жалдау, тұру шығындары, барлық түрдегі байланыс қызметін пайдалану) азаматтар өз қаржысы есебінен өтейді.

3. Конкурс туралы хабарлау

17. Конкурс өтетіндігі туралы хабарландыру Агенттікпен республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Хабарландырудың қосымша басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

18. Конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру мынадай деректерді қамтуға тиіс:

- 1) Агенттіктің атауы, тұрған жері, почталық адресі, телефондары мен факстері көрсетіледі отырып;
- 2) Конкурсты өткізу тәсілі (ашық немесе жабық);
- 3) Бос орынның атауы, Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымның аты көрсетіледі отырып;
- 4) Агенттік белгілеген конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;
- 5) құжаттар қабылдау мерзімі;
- 6) конкурсқа қатысушылар үшін қажетті құжаттар тізбесі;
- 7) конкурс өткізудің мерзімі мен орыны (қатысушылардың құжаттарын іріктеу, үміткерлерді тестілеу мен әңгімелесу, конкурстық комиссияның қорытынды отырысын қосқанда). Агенттік басшылығының шешімі бойынша, конкурстың бір күн ішінде өткізілуі мүмкін.

19. Хабарландыру қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін қосымша ақпараттарды қамтуы мүмкін.

20. Өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша лауазымдық бос орын толтырылмаған жағдайда, жоғарыда белгіленген тәртіпте конкурс қайта жарияланады.

4. Конкурстық комиссияны құру

21. Конкурстық комиссия Агенттік Төрайымымен құрылады және бекітіледі.

22. Конкурстық комиссия төрағадан және комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия хатшысының міндеті комиссия мүшелерінің біріне жүктеледі.

5. Құжаттар қабылдау

23. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтар Агенттікке мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) конкурсқа қатысуға тілек білдіргендігі туралы арыз;
- 2) толтырылған кадрлар есебі бойынша жеке парақ (нақтылы тұратын жерінің адресі мен телефоны, оның ішінде контактылық, көрсетілген);
- 3) нотариалды куәландырылған білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
- 4) нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 5) белгіленген формадағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) 3x4 көлеміндегі 2 фотосурет;
- 7) хабарланған конкурс шарттарын растайтын басқа да құжаттар.

24. Конкурсқа қатысушылар олардың біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпараттар ұсынуына болады / біліктілігін арттырғандығы, ғылыми дәреже мен атақ берілгендігі туралы құжаттар, мінеземелер, кепілдемелер, ғылыми жариялымдар т.б./.

25. Конкурстық комиссияның қарауына құжат қабылдау мерзімі ішінде біреу арқылы беріп жіберілген немесе пошта арқылы салынған құжаттар да

қ а б ы л д а н а д ы .

26. Конкурса қатысушылардың құжаттары мен конкурстық комиссияның материалдары Агенттіктің кадрлық қызметінің қызметкерінде сақталады.

6. Конкурса қатысушылардың құжаттарын қарау

27. Конкурса қатысушылардың құжаттарын қарауды құжаттарды қабылдау аяқталған соң конкурстық комиссия жүзеге асырады.

28. Конкурстық комиссия 23-тармаққа байланысты, ұсынылған құжаттардың конкурстың шарттары мен талаптарына сәйкестігін талдайды.

29. Ұсынылған құжаттарды талдау негізінде конкурстық комиссия хаттаманы ресімдей отырып, конкурса қатысушыларды тестілеуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

7. Үміткерлерді тестілеу

30. Тестілеудің мақсаты үміткерлердің білім мен қабылетін әділ бағалау б о л ы п т а б ы л а д ы .

31. Тестілеудің тәртібін конкурстық комиссия белгілейді.

32. Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызмет түріне қарай әр түрлі тестілік бағдарламалар белгіленуі мүмкін.

33. Тестілеуден өткен үміткерлер конкурстық комиссия арқылы тестілеудің н ә т и ж е с і м е н т а н ы с а д ы .

34. Әңгімелесуге рұқсат алған үміткерлер конкурстық комиссия жүргізетін әңгімелесуден өту үшін шақырылады.

8. Үміткерлермен әңгімелесу

35. Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің кәсіптік және жеке басылық қасиетін бағалау болып табылады.

36. Үміткерлердің кәсіптік және жеке басылық қасиетін бағалау кезінде конкурстық комиссия басшының бос орнына конкурс жарияланған белгілі бір мекеменің ерекшеліктеріне, денсаулық сақтау ұйымының басшысына қойылатын т а л а п т а р ғ а с ү й е н е д і .

37. Конкурс жеңімпазын анықтау үшін әңгімелесуден өткен кандидатуралар бойынша жабық дауыс беру жүргізіледі.

9. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы

38. Қорытынды отырысында конкурстық комиссия үміткерлерді ұсынған құжаттары, тестілеу мен әңгімелесу нәтижелері негізінде бағалап, олардың ішінен лауазымдық бос орынды иеленушілерді іріктеп алады.

39. Конкурстық комиссияның шешімі үміткердің қатысуынсыз жабық дауыс беру жолымен қабылданады.

10. Лауазымдық бос орынға үміткер іріктеу жөніндегі сайлау

40. Лауазымдық бос орынға үміткер іріктеу жөніндегі сайлау жабық дауыс беру жолымен жүреді. Оған конкурстық комиссияның мүшелері қатысады.

41. Дауысты санау конкурстық комиссияның отырысына қатысқан барлық комиссия мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

42. Үміткер, егер ол үшін комиссия құрамынан қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берсе лауазымдық бос орынға сайланған болып табылады. Дауыстар саны тең болса, конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болады.

43. Қорытынды отырыстағы талқылау барысы мен сайлау нәтижесі хаттамаға жазылады, оған конкурстық комиссияның отырысына қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылып, Агенттік Төрайымына ұсынылады.

44. Егер конкурстық комиссияның отырысы нәтижесінде лауазымдық бос орынға лайықты үміткерлер анықталмаса, онда Агенттікпен конкурс қайта жариялануы мүмкін.

45. Конкурстық комиссия әңгімелесуден өткен үміткерлерді конкурс нәтижесі туралы отырыс болған күні, немесе кейін, бірақ әңгімелесу біткен соң 5 күннен көп емес уақытта таныстырады...

11. Үміткердің бос орынды иеленуі

46. Конкурстық комиссия жұмысының нәтижесі бойынша Агенттік Төрайымы жарияланған бос орынға ие болған ведомстволық қарасты ұйымның басшысын тағайындау туралы тиісті бұйрық шығарады.

47. Конкурстық комиссия лауазымдық бос орынға тағайындау үшін ұсынған азаматты жұмысқа алу кезінде оның әдейі жалған дерек бергені анықталар болса, ол тиісті лауазымдық қабылдаудан бас тартуға негіз болады. Бұл жағдайда конкурс қайта жарияланады.

12. Шағымдану тәртібі

48. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер, конкурстық комиссияның шешімімен келіспейтіндігін білдіріп Агенттік Төрайымына немесе сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

49. Агенттік Төрайымы конкурстық комиссия туралы түскен шағымды қарайды, осы Қағиданы бұзушылық болған жағдайда конкурстық комиссияға қабылданған шешімді толық немесе жарым-жартылай өзгертуді ұсынуы мүмкін.

50. Агенттік Төрайымының ұсынысы конкурстық комиссияда оның сол бұрынғы құрамындағы отырысында қаралады. Осы отырысында конкурстық комиссия бұрынғы шешімін өзгертіп, жаңа шешім шығарады немесе оны өзгеріссіз қалдырады. Конкурстық комиссия қабылданған шешім туралы Агенттік Төрайымына және шағым берген конкурсқа қатысушыға немесе

үміткерге шешім қабылданған күннен бастап 5 күндік мерзім ішінде хабарлайды.

51. Конкурстық комиссия бұрын қабылдаған шешімін өзгерткен жағдайда, сол үміткерлердің қатысуымен комиссия отырысының процедурасы қайта өткізіледі.

52. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер өздеріне қатысты бөлігіне, сондай-ақ Агенттік Төрайымы конкурс құжаттарымен, тестілеу және әңгімелесудің нәтижелерімен танысуға құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК